

## Улкен Нарын ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережені бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Улкен Нарын аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 9/82-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 27 желтоқсанда № 9122-16 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-3) тармақшасына сәйкес, Улкен Нарын ауданы мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Улкен Нарын ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Ж. Сыдыкова

Улкен Нарын ауданы мәслихатының

2024 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 9/82-VIII шешіміне

қосымша

## Улкен Нарын ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Улкен Нарын ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-3) тармақшасына сәйкес өзірленді және Улкен Нарын ауданының Құрмет грамотасымен наградтау тәртібін айқындайды.

2. Улкен Нарын ауданының Құрмет грамотасы (бұдан әрі – Құрмет грамотасы):  
экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, әскери және мемлекеттік қызметтегі, құқық қорғау және қоғамдық-саяси қызметтегі елеулі жетістіктер үшін;

халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты және мәдени байланыстарды нығайту бойынша жемісті енбек еткені үшін моральдық ынталандыру, қоғамдық мойындауды білдіру болып табылады.

3. Құрмет грамотасымен Улкен Нарын ауданына еңбегі сіңген азаматтар, мекемелердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлері, меншік нысанына қарамастан шаруашылық жүргізу什і субъектілердің ұжымдары, шығармашылық ұжымдар, шетел азаматтары наградталады.

4. Құрмет грамотасымен:

наградтау сәтінде заннамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар;

сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдар;

сот сыйбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамдар наградтала алмайды.

5. Бір адам (ұжым, үйым) бес жыл ішінде ауданның Құрмет грамотасымен наградтауға екі рет ұсыныла алмайды.

6. Наградтау Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелеріне, мерейтойлық күндерге орайластырылады.

## **2. Құрмет грамотасымен наградтауға ұсыну тәртібі**

7. Құрмет грамотасымен наградтауға ұсынымды аудан әкімінің аппаратына меншік нысанына қарамастан мекемелер, кәсіпорындар, үйымдар, қоғамдық, шығармашылық бірлестіктер, жергілікті өкілді, атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелерді, мерейтойлық күндерді мерекелеуге дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей енгізеді.

Ұсынымда тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), атқаратын лауазымы немесе реєстри атауы (үйымның, ұжымның) көрсетіледі, сіңірген еңбегі мен шығармашылық еңбегі, ауданның дамуына қосқан үлесі баяндалған мінездеме беріледі. Ұсынымға бірінші басшы қол қояды және мөрмен бекітіледі.

Ұсынымға наградтауға ұсынылатын адамның жеке басын куәландыратын құжаттың не болмаса үйымның құрылтай құжаттарының көшірмесі қоса беріледі.

Мөрмен бекіту туралы талап жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмайды.

8. Келіп түскен құжаттар алдын ала қарau және Құрмет грамотасымен наградтау жөніндегі ұсыныстарды дайындау үшін аудан әкімінің жанынан құрылған наградалар жөніндегі комиссияға жіберіледі.

9. Құрмет грамотасымен наградтау туралы шешімді комиссияның оң қорытындысына сәйкес аудан әкімі және/немесе оның міндеттерін атқаратын адам қабылдайды.

Құрмет грамотасына аудан әкімі және аудандық мәслихат төрағасы немесе олардың міндеттерін атқаратын адамдар қол қояды.

10. Құрмет грамотасы жоғалған кезде телнұсқасы берілмейді.

11. Құрмет грамотасын дайындауды және наградтау мәселелері бойынша есепке алушы аудан әкімінің аппараты жүзеге асырады.

## **3. Құрмет грамотасының сипаттамасы**

12. Құрмет грамотасы беткі жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген көк түсті папкадан және жапсырма беттен тұрады.

Жапсырма бет типографиялық тәсілмен бүктелмеген түрде А3 форматындағы қалың жылтыр қағаздан, жан-жағына алтын түсті ою-өрнек жағылып дайындалады.

Жапсырма беттің беткі жағында ортасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, тәменгі жағында мемлекеттік тілде "Қазақстан Республикасы", орыс тілінде "Республика Казахстан" деген жазу жазылған.

Жапсырма беттің ішкі жағында сол және оң жақтарында жоғарыда желбіреп тұрған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы бейнеленген, тудың бейнесінің астында мемлекеттік тілде "Үлкен Нарын ауданының ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ", орыс тілінде "ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА района Улкен Нарын" деген жазу жазылған. Бұл ретте, мемлекеттік тілдегі "Үлкен Нарын ауданының", орыс тіліндегі "района Улкен Нарын" деген сөздер алтын бедермен, мемлекеттік тілдегі "ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ", орыс тіліндегі "ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА" деген сөздер түрлі-түсті жазумен орындалған.

Жапсырма беттің сол жағында:

наградталушиның атын, әкесінің атын (бар болса), тегін, лауазымы мен сінірген еңбегін;

Құрмет грамотасына қол қоятын адамдардың лауазымдарын мемлекеттік тілде көрсету үшін орын бөлінген.

Тәменгі жағында мемлекеттік тілде "Үлкен Нарын ауданы" деген жазу жазылды, наградтау жылы көрсетіледі.

Оң жағында наградталушиның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), лауазымы мен сінірген еңбегін орыс тілінде көрсету үшін орын бөлінген.

#### **4. Құрмет грамотасын тапсыру**

13. Құрмет грамотасын аудан әкімімен және аудан мәслихатының төрағасы немесе олардың тапсырмасы бойынша өзге де адамдар салтанатты жағдайда тапсырады.

14. Наградтау жөніндегі материалдар аудан әкімінің аппаратында сақталады.